



ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Ойлау мен сөйлеуді ерте дамыту
жөніндегі ілімнің қолдану тәжірибесі
(Монтессори білім беру жүйесінің
мысалында)



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеуді ерте дамыту жөніндегі ілімнің қолдану тәжірибесі (Монтессори білім беру жүйесінің мысалында)

Л.С.Выготский ілімінің тәжірибесі мәселесін бастамас бұрын, Монтессори білім беру жүйесінің не екеніне, ерекшелігіне тоқтала кетейік.

Монтессори педогогикалық жүйесінің негізін Мария Монтессори қалаған. Мария Монтессори 1870 жылы Италия мемлекеті Чиаравалле қаласында дүниеге келді.

М. Монтессори Италия мемлекетіндегі ең бірінші әйел-дәрігер болып саналады. 1896 жыл - Университеттік клиникада практика жұмыс барысында, ол бірінші рет мүмкіндіктері шектеулі балалармен кездеседі. Осы балаларды қамқорлыққа ешкім алмағанын көріп жүреді. Олардың дамуына ешкім көңіл аудармайтын. Қоршаған ортада балалардың өсуіне ешбір мәлімет бермейтін. Осындай балаларды бақылай отырып М.Монтессори алдына мақсаттар қояды: денісау және мүгедек балаларға бірдей арнайы дамытушылық орта қажет; сол ортада қоршаған әлем туралы барлық жетістіктерді эталон арқылы жеткізу; бала адам цивилизациясына мектеп жасына дейінгі кезеңде өту қажет.

Сөйтіп, М.Монтессори мүмкіндіктері шектеулі балаларды емдеу және оқыту әдістемесін зерттеу кезінде француз психиатрлары - Эдуард Сеген және Гаспара Итара еңбектерімен танысады. Монтессори мынандай шешімге келеді: ойдың әлсіздігі – бұл медициналық емес, бұл педагогикалық мәселе. Бұл мәселе клиника мен емханада шешілмейді. Бұл мәселені балабақша мен мектептерде шешу қажет деп ойлайды. М.Монтессори педагогика және психология саласын терең оқи бастайды. Бірақ М.Монтессориді көбірек қызықтыратыны адамның эволюциялық даму мәселелері мен баланың ақыл-ойына әсер ететін табиғи жағдайлар.

1904 жылы Рим университетінде М.Монтессори антропология кафедрасының меңгерушісі болып педагогика саласында әр түрлі зерттеу жұмыстарын өткізе бастайды. 1907 жылы М.Монтессори ең бірінші «Балалар үйін» ашады. М.Монтессори осы үйдің басшысы болып тағайындалады. Осы мекемеде өзінің білім методикасын қолдана бастайды. Бақылау барысында ол балалардың үлкен қызығушылық танытып, өздерінің коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытып, қоршаған әлемге зор және терең зейін қоятынын аңғарды. 1909 жылдан бастап Монтессоридің әдістемесінің кеңістігі кеңейе бастады. Монтессори-педагогикасы бойынша курстар ашыла бастады.

4 жастағы балалардың көпшілігін оқу мен жазуға үйретуді біршама ерте жаста қолға алуды М.Монтессори жүйесі қолдайды. Италиядағы оның бақшасындағы барлық балалар алдын ала жаттығу арқылы ойын процесінде 4 жастан бастап жазу бастайды, ал 5 жаста өте жақсы оқиды, бұл Германиямен салыстырғанда, олардың 2 жылға озып кеткенін білдіреді. Монтессори тәсілінің ерекшелігі мынада, жазу қолды дамыту процесінде табиғи түрде туындайды; балалар үшін жазудың қиындығы әріпті білмеуден емес, қолдың ұсақ бұлшық етінің жеткіліксіз дамуынан. Монтессоридің ұқыпты жаттығуларының көмегімен балалар жазуға жазу жолын үйренумен емес, сурет салу, штрихтау жолымен жетеді. Олар жазуға кіріспес бұрын жазуға үйренеді, сондықтан тез жазу бастайды немесе ерікті түрде жазу береді. Жазуға үйрету процесі өте аз уақыт алады. Оның 4 жастағы балаларының екеуі жазуды бір жарым айдан аз уақытта үйренген, хатты өз беттерімен жазу алатын дәрежеге жеткен. Өз естеліктерінеде Выготский «Балалардың отбасында дамуын бақылағанда, кітаптар, қаламдар көп қолданылатын, әсіресе жазатын, оқитын үлкен адамдары бар отбасындағы балалар 4—5 жасында оқу мен жазуды ерікті түрде, ауызша сөйлеуді меңгергені сияқты, меңгереді» дейді.

Бала өз бетінше жеке сандарды, әріптерді жазу бастайды, оларды маңдайшадағы жазудан оқиды, олардан сөз құрастырады және Монтессоридің балабақшада қалыптастырғандарын табиғи жолмен қайта жасайды. Бірақ Монтессори тәжірибесі, бір қарағанда оңай көрінетін сияқты болғанымен, іс біршама күрделі екенін көрсетеді.

4—5 жаста балалар моторлы функция сияқты, символикалық функция жағынан да бұл механизмдерді толығымен меңгере алады, екінші жағынан, жазуға оқыту 6, тіпті 8 жаста да жасанды, Вундттың түсінігі бойынша, баладағы ауызша сөздің ерте дамуы сияқты болады. Бұл дегеніміз балаға жазу техникасы ерте беріледі. Онда жазба тілі қажеттілігі пісіп жетілген сайын, жазба тілі оған қажетті нәрсе болып қалыптасады. Егер жазу бұлшық еттік іс-әрекет және символикалық қабылдау сияқты өте тез туындаса, онда ол мінез-құлыққа әсер ететін психологиялық мәні жағынан ойыннан кеш қалатынын ұмытпау керек. Бұл жағынан дамудың шектеулілігін көрсететін, Монтес- соридің натуралистік анатомизміне байланысты сынаушылардың сыны өте орынды, ол осыдан шығып, баланың механикалық пассивтілігіне әкеледі.

«Бір жарым ай бойы 4—5 жастағы балалар бізді таңғалдыратын көркем жазуға үйренеді», — дейді Гессен ұстаз. Қазір уақытша балалардың жазған әріптерінің дұрыстығынан алшақтап, оның мазмұнына зер салайық: Монтессори балалары не жазды екен? «Біз инженер Талани мен бастық Монтессориге жақсылық



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеуді ерте дамыту жөніндегі ілімнің қолдану тәжірибесі (Монтессори білім беру жүйесінің мысалында)

тілейміз», «Мен директорға, мұғалімге және доктор Монтессориге жақсылық тілеймін»; «Балалар үйі» т.б. сөйлемдерді жаза бастаған.

Выготский «Біз мектепке дейінгі жастағы оқу мен жазуға үйретуді жокқа шығармаймыз, біз, керек десеңіз, соны тілейміз, себебі мектепке барғанда бала оқып, жаза алады, бірақ оқыту балаға бір нәрсеге қажет болу керектігін мақсат етіп қояды» дейді. Егер де жазуды қолдану ептілігі тек бастықтарына немесе кім болса соған арнайы құттықтау жазу үшін қажет болса, онда мұндай сабақ жақында баланы зеріктіретін, оның белсенділігі туындамайтын, оның қалыптасып келе жатқан тұлғасы өспейтін таза механикалық құрал болады. Оқу мен жазу балаға қажетті нәрсе болу керек дейді автор.

Выготский: «Мұнда тек Монтессори тәжірибесі ғана емес, жазудың мектептегі үйрету сипатының да қарама-қайшылығы айтылады: жазуды күрделі мәдени іс-әрекет ретінде емес, белгілі моторлы дағды ретінде оқытады. Сондықтан жазуға оқытуды мектепке дейінгі жасқа алмастыру жайындағы бірінші сұрақ бойынша айтсақ, өмірлік арифметика талаптарымен салыстыруға болатын өмірлік жазу талаптары өздігінен алға жылжиды. Бұл дегеніміз — жазу бала үшін маңызды, табиғи қажеттіліктермен бірге, балаға өмірлік қажет міндеттерге қосылуы қажет. Тек сол кезде ғана оның балада қол мен саусақтардың әдеті ретінде емес, сөздің жаңа және күрделі түрі ретінде дамуына сенімді боламыз» деген ойды қорытындылайды.

Көптеген педагогтер, Гетцер секілді, Монтессоридің оқу мен жазуға үйрету талаптарына келіспегенімен, жазуға үйретуді мектептен балабақшаға ауыстыруға қарсы емес. Бірақ автордың пікірінше, бұл жерде жазу тілінің маңызы ескерілмейді. Сөз сияқты, оқу мен жазу ептілігі бұл сөздің қарапайым мағынасы психофизикалық дағдылар болып табылады дейді педагогтер. Жазуға деген мұндай көзқарастан қате ештеңе жоқ. Өзінің алдыңғы тарихы бойынша жазу осы дамығанға дейін қандай күрделі метаморфозаларды, ол дамып, тұрақтану үшін бірқатар жаңалықтарды бастан өткізетінін біз көрдік. Сөздің баланың мінез-құлқына қандай түбегейлі өзгерістерді енгізетінін білеміз. Сондықтан да оқу мен жазуды меңгеруді жай психофизикалық дағды деп ойлауға болмайды. Барлық алдыңғы және жеңілдетілген мектептік әдістерді мұқият көрсете отырып, сауаттылыққа үйрету, оқу мен жазуға үйрету мектеп сабағының пәні бола алмайды, себебі барлық әдістер ең негізгісін есептемейді, сонымен бірге, жазба тілдерінің орнына балаға жазу дағдыларын беретіндігін көрсетеді» деп Выготский өте тамаша ойды айтады.

Гетцер оқу мен жазу дағдысы, сөйлеу дағдысы арасында, өзі киіну мен шешіну дағдысы, қарапайым сурет салу арасында түбегейлі айырмашылық жоқ деп бекер айтпаған. Монтессоридің еңбегін Гетцер жазу ептілігі белгілі деңгейде таза «бұлшық ет қабілеттілігі» деп көрсетеді. Монтессори әдісінің ең әлсіз жері осында екенін көреміз. Ол үшін жазу — таза бұлшық еттің іс-әрекеті, сондықтан оның балалары мазмұнсыз хаттар жазады. Жазу дағдысы мен киіну дағдысы арасында түбегейлі ерекшелік бар, біз оны бүкіл дәрістерімізде көрсетуге тырыстық.

Бұдан қандай қорытынды жасауға болады?

В.Штерн Монтессоридің баланы 4 жаста оқуға үйрету қажеттілігіне сын айтып, оны кездейсоқ нәрсе емес деп, барлық мәдени дамыған елдерде ол 7 жасқа сәйкес келетінін айтады. Штерн мұны бекітуде М.Муховтың бақылауына сүйенеді: Монтессори балабақшаларындағы ойынның тапшылығы балаларды жазу мен оқуға ынталандырады. Ф.Фребель жүйесі бойынша құрылған бақшада баланың фантазиясы мен қызығушылықтарын дамыту үшін біршама көп тапсырмалар, бақылаулар беріледі, бұл жастағы балалар өз бетінше оқу мен жазуға аз талаптанған. Штерн өз пайымдауында, Муховтың ойынның тапшылығынан бала оқу мен жазу қажеттілігіне өзі келеді деген пікіріне сүйенеді. Штерн мұнда бұл қабілеттіліктердің пісіп жетілуі мүлдем басқа жолмен жинақталады дейді. Жоғарыда келтірілген біздің барлық байқауларымыз оқу мен жазу ептілігі киіну мен шешіну ептілігінен қандай деңгейде ерекшеленетінін көрсетуді мақсат етіп қойды. Біз баланы жазуға үйрету жолының күрделілігі мен барлық түрлерін ашуға күш салдық дейді автор.

Педагогикалық процестің психологиялық қайшылығы ең мықты педагогтердің екі дағдыны — жазу мен киінуді — принципті түрде бір нәрсе деп қарастыруға бейімділігінен айқын көрінеді. Нағыз психологиялық талдау көрсеткендей, әр педагог практика жүзінде жазуға үйрету үшін дамудың күрделі жолын жасау керектігін білетіндігін көрсетеді. Жазуға үйретуді дағдыға айналдыру — баланың мәдени дамуы емес, саусақтарға жаттығу жасау.

Выготский өз еңбегінде «Монтессори балаларының жазуын оқығанда, олардың жазу үлгісі таңғаларлық,



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеуді ерте дамыту жөніндегі ілімнің қолдану тәжірибесі (Монтессори білім беру жүйесінің мысалында)

біздің көз алдымызға музыкаға мүлдем қабілетсіз, клавиштерді ұрып үйренген балалар елестейді. Біздің зерттеуіміздің практикалық қорытындысы ретінде шығаруға тырысқан жағдай — жазуды табиғи түрде үйретуге талап. Бұл жағынан Монтессори өте көп нәрсе жасаған. Ол бұл іс-әрекеттің моторлық жағы баланың табиғи ойнау процесімен байланысты болуы мүмкіндігін, яғни жазуды балаға таңып қою емес, оны өсіру керектігін көрсеткен» дейді.

Бала осы жолмен жүре отырып, жазуға, жаттауға емес, өз дамуының табиғи сәтіне келеді. Монтессори оқу мен жазуды үйретудің табиғи көзі балабақша екенін көрсетті, онда балалар оқу мен жазуға үйретілмейді, оқу мен жазу ойынның құралы болып табылады. Бұл оқытудың ең жақсы әдісі екенін көрсетті. Ал бұл үшін әріп бала өміріндегі сөйлеу секілді маңызды элемент болуы керек. Балалар өздері сөйлеуге үйренгені сияқты, оқу мен жазуға да өздері үйренуі керек.

Оқу мен жазуға үйретудің табиғи тәсілі баланың қоршаған жағдайына әсерінен тұрады. Оқу мен жазу оған ойын кезінде қажет болуы керек. Бірақ Монтессоридің дағдының қимыл-қозғалыс жағына қатысты жасағанын жазба тілдің ішкі жақтарына қатысты, оның функционалды игерілуіне қатысты жасауға болады.

Монтессори бойынша, қол еңбегі мен штрихтарды меңгеру жазу дағдыларының дамуына дайындық жаттығулары болып табылады, біз көрсетіп отырған сәттер — сурет салу және ойын — балалық жазба тілінің дамуындағы дайындық кезеңдері болып табылуы керек. Педагог балаға қажетті әрекетті жазбаша сөздің бірінші тәсілінің екіншісіне барлық күрделі өтуін ұйымдастыруы керек. Педагог баланы дағдарыстық жағдайдан алып шығуы керек, яғни тек заттарды ғана емес, сөзді де салуға болатындығын көрсетуі керек. «Бірақ жазуды үйретуге арналған бұл әдістеме — болашақтың ісі» дейді Выготский. Ол өз сөзінде «Егер біз практикалық талаптарды жинақтап, оларды бірге алатын болсақ, онда қаралған мәселелер бізді әріптерді жазуға емес, балаға жазба тілді үйретуді талап етеді дер едік» деп толықтырады.

М.Монтессори өз тәсілдерімен тек қалыпты балаларды ғана емес, сондай ақыл-ойы кеміс балаларды да оқытты. Ол Сегеннің әдісін жетілдіріп, алғаш ақыл-ойы кем балаларға қолданды. Оған бірнеше ақыл-ой кемістігі барларға орфографиялық және каллиграфиялық сөздерді жазуға үйрету өте тиімді өтті. Ол оларды қалыпты балалармен бірге отырып, емтихан тапсыруға мәжбүр етті. Ақыл-ойы кеміс балалар зерттеуді өте жақсы өткізді. Сонымен, Лев Семенович өте маңызды екі көрсеткішті атап өтті. Біріншіден, ақыл-ойы кеміс балаға да оқу мен жазуды меңгертуге болады. Бірақ мұнда өмірге қажетті жазу талабы мен жазу тіліне үйретудің жетіспеушілігі байқалады. Тап осы әдіс үшін Гетцер Монтессори принципін теріске шығарып, сәби шақтағы балалардың жазылған сөзді түсінуге әлі шамасы жетпейді, «Монтессоридің нәтижелері ешқандай педагогикалық құны жоқ сиқырлы нәрсе,» — дейді.

Оқуға механикалық қабілеттілік баланың мәдени дамуы мен оның оқуы мен жазуға үйренуін алға тартқаннан гөрі, тежеп тастайды. Гетцердің ойынша, оқытуды баланың жазу тілін игеруге қажетті психикалық пісіп жетілуінен кейін бастау керек. Оқыту әдісіне қатысты алсақ, Гетцер де мектепке дейінгі тәрбие шараларын қолдайды, оқу мен жазуға бала сурет салу арқылы және мектептегі оқыту процесінде емес, ойын процесінде дайындалуы керектігін айтады. Жазба тілін меңгерудің маңыздылығы сондай, зерттеушілер ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқитындар және оқымайтындар деп те бөледі. Ақыл-ойы кемтар балаға берілген бірдей тапсырма, қалыпты балаға қарағанда, біршама жеңіл болып көрінеді. Жазба тілді меңгеру үшін ақыл-ойы кем баланың біршама күш жұмсауы қажет. Тәжірибеде ақыл-ойы кеміс балалардың жазба тілді дамытуында қалыпты балалармен салыстырғанда аса үлкен еңбек пен шығармашылық күштерін жұмсайтынын байқадық дейді Лев Семенович.

Мұнда мынаны айтуға болады: оқығанды түсіну және оқудың өзінің дамуы — ақыл-ойы кеміс баланың қабілетін көрсететін барлық мәдени дамудың шыңы.

Соқыр балалардағы оқу мен жазуға үйрету деңгейі жай моторлы дағды емес, жай бұлшық ет іс-әрекеті екен, себебі соқырлардың дағдысы мүлдем өзгеше: бұлшық ет іс-әрекетінің мазмұны көретіндермен салыстырғанда өте жақсы. Ал олардың арасында жазудың басқа моторлы сипатына қарамастан, жазудың психологиялық жақтары соқыр балада сол күйінде қалады. Соқыр бала жазба тілін жүйелі көру дағдысы арқылы меңгере алмайды, сондықтан онда белгілермен байланысты барлық іс-әрекет дамуында үлкен тежелу бар. Сурет салмауы соқыр баланың жазба тілінің дамуын өте қатты тежейді, бірақ оның ишарасы затқа сол сияқты мән мен мағына беретіндіктен, оны жазудың тура жолына апарды. Соқырлар жазуды білдіретін бұдыр, дөңес әріптер көмегімен жазады, оқиды. Барлық моторлы дағдылардың ерекшелігі соқыр баланың екі қолымен оқығандағы сезініп қабылдауы көруге қарағанда басқаша құрылатындығымен түсіндіріледі.



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Ойлау мен сөйлеуді ерте дамыту жөніндегі ілімнің қолдану тәжірибесі (Монтессори білім беру жүйесінің мысалында)

Біздің алдымызда мүлдем басқаша моторлы дағды тұрған секілді, бірақ психологиялық тұрғыда соқырды оқыту процесі көзі көретіндерді оқыту процесімен сәйкес келеді, — дейді Делакура. Зейін белгінің өзінен бірте-бірте білдіретін нәрсеге өтеді де, түсіну процесі жүреді және тура осы жолмен құрылады.

Выготский өз зерттеулерінің қорытындысы бойынша келесідей дейді: «Соқырлардың жазуы дамуынан біз қалыпты жағдайдағы баланың мәдени дамуы қандай жолмен жүретініне ашық мысал табамыз. Онда өзіндік даму мен белгі жүйелерінің тарихи даму процесінің жасалуы арасындағы алшақтық бар жерде, біз ерекше мәдениет техникасын, сол психологиялық функцияны орындайтын белгілердің ерекше жүйесін туғызамыз. Мылқаулардың жазба тілі дамуының бейнесі әлі күнге дейін бағаланбаған, мылқауларға тіл үйретудегі үлкен қателік — оларды алғаш ауызша, содан соң жазбаша түрде оқытады, олардың арасында кері байланыс болу керек. Мылқау балаға арналған сөздің негізгі түрі, бірінші реттегі символизм — жазба тіл болуы тиіс. Ол оқу мен жазуды біздің балаларымыздың сөйлеуді қалай үйренетіні сияқты үйренуі керек, ал мылқаулардың ауызша сөйлеуі жазылғандарды оқу түрінде құрылуы керек. Сол кезде жазба тіл мылқау баланың сөздік тілінің дамуының негізгі тәсілі болып табылады. Егер мылқау баланы таза жазуға ғана емес, жазба тілге үйретсе, онда біз оны дамудың жоғары сатысына апара аламыз, яғни ол басқа адамдармен қарым-қатынас арқылы ғана емес, кітаптарды оқу арқылы да дами алады».

Сонымен, сөзімізді қорытындыласақ, дүниеге келген сәби еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылады. Монтессори бұл процесті адам өмірінің биологиялық ұстанымы ретінде сипаттайды. Баланың тәні қалай дамыса, рухы да үйренуге бейім тұрады. Бұл жерде ересек адам балаға көмекші ретінде жұмыс істеуі керек. Монтессори педагогикасында ата-ана баланың көмекшісі ретінде қарастырылады. Үйренетін адам – бала болғандықтан, мұғалім – баланың өзі болмақ. Ата-ана баланы оқуға ынталандырып, кейін бақылаушы рөліне өтуі керек. Бала оқитын жерін өзі таңдауы тиіс. Ата-ана балаға осындай мүмкіндікті сыйлауға ұмтылуы қажет. Мария Монтессори жүйесінің өзегі – әр бала өзінше, арнайы дайындалған ортада, жеке жоспар бойынша дамиды. Ата-ананың міндеті – баланың барынша дамуына көмектесу. Бала қателік жіберсе, қай жерден қателескенін түсінеді, бірақ, ересек адам тарапынан жаман баға алмайды, нашар сөз естімейді. Аталған жүйе дәстүрлі педагогикадан бөлек. Монтессори әр баланы қайталанбас, дара тұлға ретінде қарайды, бүкіл кеңістік иесі бала, ал ересек адам – көмекші және баланың қадамын бақылаушы.

Құрметті тыңдаушылар, Выготский Лев Семеновичтің «Ойлау және сөйлеу» атты монографиясының материалдарына негізделген кезекті дәрісімізді аяқтаймыз. Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін алғыс білдеремін.

Қосымша әдебиеттер:

1. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / - 2014
2. Детская психология: учеб. пособие / Г.А.Урунтаева / - 2013